

**«Ынтымақтастық педагогикасы» дөңгелек үстел:
педагог – бала – ата-ана.**

Ынтымақтастық технологиясын пайдалану барысында мұғалім әрбір оқушының өзін-өзі іске алуына ыңғайлы психологиялық-педагогикалық жағдай туғызуы қажет. Егерде ынтымақтастық технологиясы мен дәстүрлі оқыту әдістерін салыстыратын болсақ көптеген ерекшеліктерін атап өтуге болады.

№	Ынтымақтастық технологиясы	Дәстүрлі оқыту әдісі
1	Сабақ үстінде жұмыссыз отырған оқушы болмайды, барлығы қандай да болмасын оқу-танымдық іс-әрекетке басқалармен бірігіп қатысып отырады, жұмыссыздыққа уақыт болмайды.	Сабақ үстінде оқушылардың жартысынан азы ғана нақты оқу-танымдық жұмыспен айналысады, қалғандары сабаққа немқұрайлы қарайды.
2	Сабақта өз пікірін көпшілік талқысына салмаған оқушы болмайды, барлығы сабақтағы қарастырылып отырған мәселе бойынша ойларын ортаға салады.	Әр сабақ сайын тек белсенді оқушылар ғана сабақ айтып бағаланады, қалғандары сабаққа дайындықсыз немесе дайындықтары толық қанағаттандырмайды.
3	Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша оқулықтан тыс қосымша материалдарды өте көп іздестіреді, жауаптары мазмұнды, фактілерге негізделген болады.	Көптеген жағдайларда оқушылардың жауабы жаттанды, кітап көлемінде ғана болады.
4	Оқушылар өзара көмектесіп, ынтымақтастық негізінде өздерін өздері дамытуға бағытталған.	Әрбір оқушы өз бетінше білім алуға тырысады, өзара көмектесу байқалмайды.

Ата – аналар мен мұғалімдердің ынтымақтастығы

Мектепте, үйелменде балалар ересек адамдарға ашық, сенгіштікпен қарайды деп ынтымақтастық педагогика жорамалдайды. Бұл үшін бірыңғай талаптар емес, үйелменде балалармен жолдастық, жылы шырайлық қатынас болуы қажет. Жаңашыл мұғалімдердің айтуы бойынша ата – аналар жиналысында балалар туралы сын көзімен ескерту жасауға болмайды. Балалар мен ата – аналар арасында ұрыс- керіс жағдайын болдырмау. Мұғалім балалар жөнінде ата – анаға айтып наразылық білдірмейді, күнделіктеріне не болса соны жазбайды. Балаңыз сабаққа дайындалмайды деп мұғалім әр ата ананың есігін қағуды қою керек. Егер оқушы назар аударуды, көмек көрсетуді талап етсе, онда оған керегінше (бір ай, әлде бір жыл керек пе) көмек көрсету қажет. Осындай жылы қамқорлықты сезген бала ата -аналарына да ризашылықпен толық сенім

білдіріп, зор ықылыасын оқып білім алуға, еңбек етуге тырысады. Бұл өмірдегі, еңбектегі, оқудағы қарым – қатынас бірлігінің беріктігі – ынтымақтастық педагогиканың принципі.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының формулалары.

Мектеп оқу – тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасайды, ата – аналарды, барлық жұртшылықты қатыстырады.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының бірнеше формалары бар. Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы ата – аналар жиналысы. Онда көптеген мәселелер, мысалы, күнделік өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бол уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланады, оларды одан әрі жетілдірудің нақты формалары қарастырылады.

Байланыс формаларының бірі – педагогтардың оқушылар үйіне баруы. Мақсат: оқушылардың үй жағдайымен, күнделік өмірімен, тұрмысымен танысу, оқу және тәрбиеге байланысты әртүрлі тақырыптарда ата – аналармен әңгіме өткізу, пікір алмасу.

Мектептің, отбасының, бүкіл халықтың және мемлекеттің негізгі мақсаты қазіргі заманның талаптарына сай балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге халық шаруашылығының салаларында еңбек етуге даярлау.

Міне, осы тұрғыдан тәрбие бүкіл жұртшылықтың ісі болып отыр.

1. Оқушының жанұясына барып тұру. Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Жанұяға барғанда сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысады. Ата-аналарымен және жанұяның басқа мүшелерімен әңгімелескенде, сынып жетекшісі оқушының мінезі, қызығуы мен икемділігі туралы ата-аналарына, үлкендер мен кішілерге қарым-қатынасы туралы мағлұматтар алады. Ата-аналарын мектепке тек баласы тәртіп бұзғанда немесе жаман оқи бастағанда ғана шақырмау керек. Кейде оқушы өзін жаман ұстамайды, жақсы оқиды, бірақ сынып жетекшісі оның сыныптан тыс оқуын ұйымдастыру, оны қандай да бір қоғамдық пайдалы жұмысқа қатыстыру, оның белгілі бір саладағы дарынын дамытуға қажетті жағдайлар жасау туралы да ата-аналармен келісіп алуы керек. Ата-аналар мектеп мұғалімдерімен кездесіп отыру пайдалы ғана емес, қажет те. Ол кездесулер мектеп пен жанұя арасында тығыз байланыс орнатуға, оқушылардың оқуы мен тәртібінде кемшіліктерді болдырмауы үшін дер кезінде шара қолдануға мүмкіндік береді.

2. Ата-аналармен хат алмасу. Кейбір сынып жетекшілері жанұямен байланыста ата-аналармен хат жазысып тұру түрін қолданады. Хат арқылы мектеп оқушысының үлгерімі мен тәртібі туралы хабарлап тұрады. Кейде хат жазғанда ата-аналардан жанұя тәрбиесіндегі қиындықтар туралы сұрауға, бала тәрбиесі жөнінде олар қандай әдебиеттер оқитынын біліп, ол жөнінде тиісті жаңа кітаптар ұсынуға болады. Ата-аналармен хат жазысуға

оқушының күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшілері онда оқушысының оқуға, қоғамдық жұмысқа қатысты тәртібі туралы қысқаша жазып отырады.

3. Сыныптық ата-аналар жиналысы. Бұл-сынып жетекшісінің жанұямен байланысының аса-маңызды бір түрі. Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін мұндай оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі. Олардың мақсаты ата-аналарды нақтылы педагогикалық біліммен қаруландырып, жанұяда бала тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы тәжірибесімен таныстырып отыру болып табылады. Сынып жетекшілері ең бірінші өзіміздің жетекшілік етіп отырған сыныбымыздың ата-аналарына арналған педагогикалық білімдерді насихаттау үшін әңгімелер мен лекциялар өткізуіміз керек. Олардың мазмұны ата-аналардың талаптарына, оқу-тәрбие жұмыстарының нақтылы міндеттеріне байланысты болады.

Сөз соңын ұлы ұстаз Антон Макаренконың: "Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды деген", - парасатты ойымен түйіндегенді жөн көрдім.



2 Б

